

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 5 ақпандағы № 25 қаулысы . Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 ақпанда № 5399 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 5-1) тармақшасына және 69 бабының 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағы 10) тармақшасына сәйкес, Қазығұрт ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне "Шығыс" мөлтек ауданына жоғары қысымды газ құбыры желісін орналастыру үшін жердің меншік иелері мен жер пайдаланушыларынан алып қоймастан жер учаскелерінде 5 (бес) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Алынып тасталды - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 30.06.2022 № 190 қаулысымен (алғашы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.А.Қалымбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Телгараев

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 5 ақпандағы
№ 25 қаулысына қосымша

"Шығыс" мөлтек ауданында жоғары қысымды газ құбыры желісін орналастыру үшін қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелері

№	Жер учаскесінің орналасқан жері	Қауымдық сервитуттың әрекет ету көлемі (гектар)	соның ішінде:
			Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері (гектар)
1	2	3	4
1	Қызылқия ауыл округі	0,7917	0,7917
2	Шарбұлақ ауыл округі	5,5083	5,5083
	Барлығы:	6,3	6,3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК